

К.С.ҚАЛЫБАЕВА

ТҮРКІ ФРАЗЕОЛОГИЯСЫНДАҒЫ ОРЫС ТІЛІНІҢ ТІЛДІК ӘСЕРІ
(қыпшақ тобы тілдері бойынша)

В статье рассматриваются русско-турецкие языковые контакты во фразеологии. Также определяются типы калькированных фразеологизмов.

Makalede Türk-Rus Dillerinin deyimleri ve türlere ayrılmazı söz konusu olur.

Түркі және орыс тілдері ешбір туыстық қатынасы жоқтығына қарамастан этнолингвистикалық жағынан ұзақ жылдар бойы түрлі деңгейде қарым-қатынасқа түскен. Бұл әсіресе, қыпшақ тобы тілдерінің ішінде қазақ, қарақалпақ тілдеріне қараганда тарихи жағынан орыс халқымен ертерек байланысқа түскен татар, башқұрт, ногай және қарашай, құмық тілдеріне қатысты анығырақ байқалады. К.Мұсаев батыс европа тілдерінің түркі тілдерінің лексикасына тигізген тілдік әсері зергелуі қажетті күн тәртібіндегі мәселе екендігін айтады: «Систематическое сравнительное изучение общих элементов лексики и семантики тюркских языков сопредельных территорий (Дальнего, Ближнего Востока, Европы) с которыми тюроки длительное время контактировали остается одной из актуальных задач тюркологии» [1. 38].

Татар және башқұрт тілдерін қыпшақ тобынан ерекшелеп тұрған бір мәселе бұл тілдерге орыс тілінің тілдік әсерінің молдығымен байланысты болса керек. Мұндай жағдай ол тілдердің фразеологизмдерінен де айқын байқалады. Аталған тілдердің фразеологизмдерінің біраз пайызын орыс тілінен келген калька фразеологизмдер күрайтынын байқадық. Лингвистикалық энциклопедияда калькаға мынадай анықтама берілген. «Калька (фрanc. calque-копия) образование нового фразеологизма, слова или нового значения слова путем буквального перевода соответствующей иноязычной языковой единицы» [2. 211].

Орыс тілінің тілдік әсері әсіресе, татар тілінің лексикасынан, фразеологиясынан айқын байқалады. Мұның өзі бұл екі халықтың тарихи тығыз қарым-қатынасқа түскендігін көрсетеді. «С середины XVI века судьба Татарии была тесно связана с историей России ставшей к этому времени мощным централизованным многонациональным государством» [1.39]. Татар тіліндегі тәмәндегідей фразеологизмдер оймызға дәлел болса керек.

Қалыбаева Қ.С. Түркі фразеологиясындағы...

Ә билер чуагы «бабье лето» «куздің ең соңғы шуақты күндері»; үгез кебек әшләу «работать как вол» «аянбай еңбек ету»; үз арчиныңа ұлчәу «мерить на свой аршин», әркім өз түсінігінен аспайды; үрдәк очороу «пустить утку» «өсек сөз тарату», колакларын үрә торғызу «воостриТЬ уши» «не болады екен деп тың тыңдау», қызыл этәж жиберу «пустить красного петуха» ертену, жиценче кат құктә тою «быть на седьмом небе» «қатты қуану», кан кату «кровь остыл» «көңілі қалу, ренжу»; эт ашаган булу «собаку съел» тәжірибелі; күз алмасыңдай саклау «как зеницу ока», көзінің қараашыңындай сақтау; утка да суга да керерлек булу «в огон и в воду» «отка да, суга да түсуге дайын» бәріне дайын; борыннан әрі құрмеу «не видеть дальше собственного носа» терен ойланбау; кимнең де булса кубызына биеу «плясать по дудке» «біреудің дегеніне жұру»; сай йөзү «мелко плавать» «жағынуға тырысу»; ағым уңаена йөзү «плыть по течению», «жағымпаздану»; ике куян куу «гонятся за двумя зайцами» «өнімсіз іспен айналысу, түк шықпау»; қабыргасын санау «пересчитать ребры» ұрып соғу, жазалау, қинау; кесәге сұз излеп керәп турмау «не лезет за словом в карман» тілге шешен; колагыңын күре алмаган кибек «не видать как собственных ушей» ешқашан көре алмайсың деген мағынада; теленде теш артында тогу «держать язык за зубами», мыекка чорнау/урау «мотать себе на ус», үгезне мүгезенән электтерү «брать быка за рога», бармакны бармакка сукмау «палец о пальце не ударить», күзгә ком сибей/күзгә төтән жибәру «пыль пускат в глаза», кул аягын бәйләу «связывать по рукам и ногам», динездән бир тамчы «капля моря»(арбада), бишпенче көпчек «пятое колесо в телеге», шайтан аягын сындырырлык «черт ногу сломит» т.б.

Башқұрт тілінде: тотолған куянды ыскындырыу «упустить пойманного зайца», мәгәз ултыртыу «наставить рога», майлаган кеүек «как по маслу», энәһенән ебене тиклем «от иголки до нитки», теленде йоторлук «язык проглотишь», төп башына ултыртыу «посадить на пень», бәйзән ыскынған эт кебек «как собака сорвавшаяся с цепи», эт туйы «собачья свадьба», қызыл этес кундырыу «пустить красного петуха», юқә сөй қағыу «забить липовый клин», юктың яуабы юқ «на нет ответа нет» т.б.

Ногай тілінде: Көзге без болув «как бельмо на глазах», төп башына утырту «посадить на пень», язмыш кочагына ташлау «на пройзвол судьбы», чуртан күшүү буенча «по щучьему велению», ахиллес үкчәсе «Ахиллесово пятно», сәнәк белән жил куу «гонять ветер виллами» т.б.

Орыс тіліндегі кейбір фразеологизмдер татар, башқұрт тілдерінде құрамдық жағынан аздал өзгеріске түсіп қолданылады. Мысалы: татар тілінде: бал майда гына йөзү «кататься словно сыр в масле», осы

фразеологизм башқұрт тілінде: май эсендеге бөйөр кеүек түрінде кездеседі. аркада қырмысылар иөри «мурашки по коже», аяз көндө яшен сугу «гром среди ясного неба», яңагына менеп төшү «съездить в морду», иске авыздан яңы сүз «старая погудка на новый лад», әби патша заманында «при царе горохе».

Бірқатар фразеологизмдер орыс тілінің тілдік әсерінен емес, орыс халқының тұрмыс-салтының әсерінен келіп қалыптасқан. Әсіресе, ондай фразеологизмдердің көпшілігі ас, дәм түрлеріне байланысты, тағам дайындау түрлеріне байланысты қалыптасады. Мысалы, түркі халықтары өртеден мал шаруашылығымен айналысатын болғандықтан негізгі тағам түрлері еттен жасалады, Оның ішінде ірі қара мал еттерімен бірге кой еті қолданылады. Сондықтан қыпшақ тобы тілдерінің ішінде жеміс, көкөніс түрлерінен жасалған фразеологизмдер қазақ, қарақалпақ тілдерінде жоқтың қасында болғанымен, татар, башқұрт тілдерінде аздаған көкөніс атауларымен бірге үй құстарының атаулары, олардан жасалатын тағам түрлері, жармалардан дайындалатын тاماқ түрлері фразеологизмдерінен де аңғарылады. Мысалы, башқұрт тілінде «бешмәгән шалкан» бос, былжыр адам, ауыз эсендә бутка бешерев, арыш боламығы; Майың коймак шуумай «масыз құймақ жылжымас» т.б.

Соның бірі орыс халқының сенім-нанымы да түркі халықтарына әсер еткен. Kicі өліміне байланысты қалыптасқан тіркестер де халық өмірінен, дәстүрінен көп мәлімет береді. Әсіресе, к्रищен татарлары христиан дініне зорлықпен көшірілгендейгінің нәтижесінде басқа түркі халықтарынан өз алдына ерекшеленгендейгін білеміз. Оларда христиан дінімен бірге көне түркі элементтері де сақталып қалғанын байқауға болады. Мысалы осы крищен татарлардың өзінде құрбандық шалу дәстүрі сақталып отыр. Татар тіліндегі «Кан чыгару» тіркесі осыны көрсетеді. Бұл құрбандықтың өзінің үш түрі қалыптасқан еken. Алғашқы құрбан мал қой болатын болса, қалғандары тауық және балық сойып туыстарға таратылады. Бұл ырымды татарлар «ыру тамыр өчен» деп атайды. Құрбандық шалардың алдында бірнеше адам марқұмның бейітіне барып, марқұмды «Бізben бірге жүр, сениң мерекенде өткіземіз» деген сөздермен шақырып келеді. Дастархан басында марқұмга арналған орындық қойылып, оған деген тاماқ салынған ыдыстар, қасық шанышқылар қойылады. Дастархандағы тағамдар ішіп желинген соң, марқұмды шығарып салу рәсімі жалғасады. Ол рәсім «сөяк озату» деп аталады, яғни марқұмның алдына қойылған тағамдар алынып, дастархандағы сүйектермен бірге ауладағы бағананың түбіне «Бізді кешір, зиян келтіре көрме» деген сөздермен көміледі. Үйге кірген соң «Туфырагы жицел булсын»

Қалыбаева Қ.С. Түркі фразеологиясындағы...

деген тілек айтылады. Бұл тілектің өзі орыс тіліндегі «Пусть земля будет пухом» тіркесінің калькасы екені көрініп тұр.

Татар халқының мәдениеті мифологиялық сенім-нанымдарға қатысты қалыптасқан фразеологизмдерден де байқалады. Әсіресе, татар халқының жұлдыздарға деген ұғымдары халықтың мифологиялық сенімін танытады. Мысалы, «Бәхетле йолдоз астында туган» (Родился под счастливой звездой) рашитуада бер күрек қар бирмәс (рашитуа рождество) (қыста бір күрек қар бермес, өте қатты пес адам жайында); Осы тіркес башқұрт тілінде де, алтай тілінде де кездеседі екен. Алтай тілінде: Кышкыда қар да сурап албазын «қыста қар сұрап ала алмассың».

З.Г. Ураксин башқұрт фразеологизмдеріне орыс тілінің әсері жайлы былай дейді «Фразеологические кальки в основном возникают в письменной речи, чаще всего в публицистике. Количество слов и конструкция фразеологизма могут соответствовать единице языка источника, т.е. быть точной калькой» [3.183] Атаған тілде: бармак үтә карау «смотреть сквозь пальцы», үз аршыныңа ұлсәү «мерить на свой аршин», мыйығы һалынып тәшөү «у него отвили усы», себендән фил ясау «делать из муhi слона», мыйыкка урау «намотать на ус», гүр тынлығы «гробовая тишина», кайзан ел ташлады «каким ветром занесло», кәсәгә һұғыу «бить по карманам», кәсәгә тәшөү «залезть в карман», кесә токырайту «опусташать карман», кесә калынайту «набивать карман», қыл да қыбырзыту «и волоса не шевельнуть», май бешеу «сбивать масло», майына сыйзамау «с жиру бесится» Колакка киртеп күйү «зарубить на ус», майза йөзу «кататься как сыр в масле», морон төбөндә «под носом» т.б. фразеологизмдер орыс тілінің әсерінен қалыптасқаны даусыз.

З.Г. Ураксин қазіргі башқұрт тілінің лексикасында алты мыңға жуық орыс тілінен енген сөздер бар екендігін айта келіп, оның сырын былай түсіндіреді. «Непосредственные контакты башкир с русскими усилились и получили качественно новый характер после добровольного присоединения Башкирии к Русскому государству в середине XVI века. Они стали еще более тесными в период крестьянских войск во второй половине XVIII века, когда башкиры выступили на стороне восставших русских крестьян и казаков, а в XIX и начале XX века массовое переселение русских и других народов в Башкирию привело к образованию больших массивов со смешанным населением» [4. 15].

Осындай тығыз қарым-қатынастың інтижесінде орыс тіліндегі жекелеген сөздер башқұрт тілінде фразеологизмдердің құрамына да енген. Мысалы: кабалага кересү/индересү/төшересү тіркесі орыс тіліндегі закабалять, поставить

в кабальную зависимость деген мағынадан келіп туындаған. Башқұрт тіліндегі нұжа қүреу «пережить нужду» тіркесіндегі мағынадан келіп туындаған.

Ал, енді біраз фразеологизмдер башқұрт халқының орыс елімен шектесе отыруына байланысты бастаң кешкен тарихи оқигаларға қатысты қалыптасқаны байқалады. Ондай фразеологизмдердің қатарына Мамай заманында «во времена Мамая», қырым сиреүләй, дарыны коро тотоу «держать порох сухим», Эндрей казынасы, Эндерей эбете секілді фразеологизмдерді жатқызуға болады. З.Г.Ураксиннің айтудынша татар, башқұрт тілдерінде кездесетін осы бір тіркестің шығуын тарихта болған жеке тұлғамен байланыстырады. «Татарско-башкирский Эндери проходит от имени Уфимского воевода начала XVIII века в Андрей Жихарев отличавшился особым усердием по обложению башкир новыми подаяниями» деп келтіреді [2. 248]. Қалай десе де, аталған фразеологизм екі елдің тарихында болған белгілі бір тарихи тұлғаға қатысты қалыптасқаны анық.

Сол секілді башқұрт тіліндегі чабатага утыртуу «алдан кету», толтырган тауық кеүек «семіз, толық» фразеологизмдерінен де біз орыс тілінің әсерін байқаймыз. Тіпті башқұрт, татар тілдерінде кездесетін күзгә ташлану, караш ташлау, теле әйләнмәй, баш һалыу, теш ыржайту фразеологизмдерінің де қалыптасуында (бросаться в глаза, бросать взгляд, язык не поворачивается, сложить голову, скалить зубы) орыс тілінің әсері тио мүмкін екенін жоққа шығара алмаймыз. Себебі осы тіркестер башқұрт тілімен бірге татар тілінде кездесетініне қарамастан, қазақ тілінде құрамы ауысып көзге тұсу, көзі тұсу, тілі бармау түрінде қолданылады.

Дингез тубыктан «үтеззе мөгөзөнән алыу» братъ быка за рога (незде... шунда ук үтеззең мөгөзөнән алығыз) секілді фразеологизмдерден негізінен орыс және башқұрт тілдеріндегі образ ортақтыны бар екені аңғарылса, енді бірқатар фразеологизмдерде құрамындағы сөздер аздап басқа сөздермен ауысып қолданылатын түрлері де бар. Мысалы, күзгә томан сбереу «пускать пыль в глаза» (пыль, туман), йылан аяғын кискән «подметки на ходу рвет» «өте пысық, іскер» деген мағынада жүмсалады. Сол секілді башқұрт тіліндегі қызган табага бастыру «задать баню» тіркесі жайында да осыны айтуда болады. Кейбір орыс тіліндегі мәтел сөздің компоненттері жекелей келіп фразеологизмдерге айналған. Мысалы, орыс тіліндегі не уметь разделить мякину на трех телят, заблудится в трех соснах мәтелінің бір компоненті башқұрт тілінде ес бызауга кәбек айыра белмәу «қолынан іс келмейтін бос адам» деген мағынадағы осы тіркес мәтелінің қыскарған формасы екені аңғарылса, татар тілінде екінші компоненті ике ағач арасында

Қалыбаева Қ.С. Түркі фразеологиясындағы...

адасув түрінде актив турде қолданылатынына көз жеткіздік. Сол секілді қызыл этәс осороу «өсек сөз тарату» орыс тіліндегі пустить красного петуха, теленде йоторлок «дәмді» орыс тіліндегі язык проглотиши, тел һойжесез «язык без костей», тигез ерзәге туңгек «шишка на ровном месте» «көкірегін жөнсіз көтеретін адам», һаламға йәбәшту «хвататься за соломинку», теш ыржайтыу «скалить зубы» кара урман «темный лес», ике тамшы һыну кеүек, күйінда таш тотоу «камень за пазухой». Башқұрт тілінде: һүзze елгә ташлау «бросать слова на ветер» секілді фразеологизмдердің калькасы болуы мүмкін.

Татар тілінде: синең билән бутка пешереп булмас «с тобой кашу не сваришь» «балавыз белән ялтырату» тез жеп таусу, ям чабу, ям чабу йәкләмәссе «ямщина, выполнять ямскую повинность, бер ярмыдан ботка пешереп булмый», Кәжә кәбәстәгә уч, чабатага утырту, май белән иске чабата да уте «маймен қосып жесең етік те дәмді», кәжә бәясе «грош цена», эндри әбзә «полдник», эндри казнасы, башқұрт тілінде:эндрей казынаһы, ярма яру «жарма жару, өтірік сөйлеу», Балауыз һығыу «жылау», һыйлы көнәң сыерда «корова на дворе, харча на столе», башқұрт тілінде: кәзә майын сығарыу «эбден шаршату», кәзәсіне төкөне «қырсығу» т.б. фразеологизмдер осы орыс халқының тілдік әсерінің көрінісі екені даусыз.

Құс атауларына байланысты башқұрт тілінде: аккош йыры «лебединая песня» ең соңғы әрекет, беренсе карлугас «первая ласточка».

Қыпшақ половшы тобындағы тілдері фразеологизмдерінен де орыс тілінің әсері анғарылады. Оған мынадай мысалдар дәлел бола алады: Қарашай-балқар тілінде: башындан джел айланыргъа «голове ветер гуляет»; кезлери мангылайга чыгъаргъа (орыс тіліндегі «глаза на лоб лезут», хуржунунда жел ойнаргъа «в кармане ветер гуляет», оғынди бурунундан ары кермеген «не видеть дальше собственного носа», сез излеп хуржунуна узалмагъан «за словом не лезит в карман» т.б.).

Құмық тілінде: ерине олтуртмак «поставить на место», сокур тавукдай «как слепая курица», уышоген тавукъ «мокрая курица», бурнуу тюбюнде «под носом»; къара ғонгे «на черный день», кулагы турмакъ «воостриТЬ уши»; ғондюз чиракъ булан да тапмассан «днем с огнем не найти», башын толтурмакъ «вбить себе голову» фразеологизмдерінің калькасы екені байқалады.

Қорыта келе айтарымыз, түркі тілдерінің қыпшақ тобындағы тілдердің фразеологизмдеріндегі бірқатар айырмашылықтардың сырьы осы орыс тілінің тілдік әсерінен пайда болғаны анық. Бұл әсіресе, татар, башқұрт тілдерінде айқын байқалса, қарашай, құмық тілдері фразеологизмдерінде де аз емес екені анғарылады. Бұл жайында тюрколог К. Мұсаевтың «...преобладанием

славянских заемствований отличаются тагаузский, караимский, татарский, башкирский, карачаево-балкарский, кумыкский...» [1. 42] деген ойы осыны дәлелдей түссе керек. Жалпы түркі тілдерінің тармақталу тарихындағы орыс тілінің ролі жүйелі түрде арнайы зерттелуі қажет деп ойлаймыз.

ӘДЕБІЕТТЕР

1. К.М.Мусаев. Основные проблемы изучения лексики тюркских языков // Советская тюркология. №3. Баку.
2. Лингвистически энциклопедически словарь. М., 1990.
3. Ураксин З.Г. Фразеология башкирского языка. М., 1975.
4. Ураксин З.Г. Исторические предпосылки и условия функционального развития русского языка в Башкирии // Русский язык в Башкирии и его взаимодействия с русским языком. Уфа, 1988.

REZUME

K. S. Kalybaeva (Almaty)

THE LANGUAGE EFFECT OF RUSSION ON TURKIC PHRASEOLOGY

(on the base of Khypshak Language group)

**The Russian-Turkish Languge contact in phraseology is considered in the article.
The calque phraseology types have been defined as well.**